



ТАНЫМ

ШІР БЕКЕТТІҢ ҚАРЫНДАСЫ 5- БЕТ

Ақшаңдай әже

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МАНҒЫСТАУ

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

№33-34 (10110) 14 сәуір, бейсенбі, 2022 жыл



Айгүл ОРЫНБАЕВА

**САН ЕМЕС,
САПА МАҢЫЗДЫ**

Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлан Ноғаевтың төрағалығымен өткен аппараттық жиында өңірдегі құрылыс мәселелері мен сол саладағы жобалардың іске асырылуы талқыланды, деп хабарлайды Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жиын барысында облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айнұр Манкешова өңірде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік құрылыс нысандары туралы ақпарат берді.

2022 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша облыста 247,7 мың шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Биылғы жылдың соңына дейін 1 миллион 50 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда. Оның ішінде 3,9 мың ш.м. жалға берілетін 72 пәтерлік тұрғын үй ағымдағы жылдың 3-тоқсанында иелеріне табысталады.

Аймақ басшысы Нұрлан Ноғаев

салынып жатқан нысандардың санына емес, сапасына баса назар аудару керектігін атап өтті.

– Көрсеткіштер үшін жұмыс істедудің қажеті жоқ. Нәтижесін барлығымыз көріп отырмыз. Салынып жатқан нысандардың сапасына қатысты шағымдар өте көп. Осы мәселені басқарма басшысы, қала, аудан әкімдері бақылауда ұстауы қажет,– деп тапсырды Нұрлан Ноғаев.

Аппарат жиынында Ақтау қаласының әкімі Нұрдулет Қилыбай қалада салынып жатқан құрылыс нысандары туралы баяндады.

Бүгінгі таңда облыс орталығында 116 көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен кәсіпкер-

лердің құрылыс жұмыстарын рұқсатсыз бастап кеткен фактілері бар. Өткен жылы қаладағы тұрғын үй құрылысына үлескерлерді заңсыз тарту және салынып жатқан тұрғын үйлерді жарнамалағаны үшін «Мега Технология Компаниясы» ЖШС (17-шағын ауданда орналасқан «Ақеспе» ТК), «КаспиСтрой» ЖШС (17-шағын ауданда орналасқан «Форю» ТК), «ҚазСтройПремииум–2007» ЖШС (20 «а» шағын ауданында орналасқан «Томирис» ТК), «Қазак Металл» ЖШС (17-шағын ауданда орналасқан «Бақыт мекені» ТК) мекемелеріне барлығы 4 әкімшілік хаттама толтырылды.

Жиын соңында аймақ басшысы жауапты тұлғаларға бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

2022 жылдың 20 сәуір күні сағат 09.00-ден бастап Қазақстан халқы Асамблеясы ғимаратында (34-шағын аудан) Маңғыстау облысының әкімі **Н.А.НОҒАЕВ** тұрғындардың жеке қабылдауын өткізетіндігін хабарлаймыз.

Қабылдауға жазылу бойынша ch.nurberdiev@mangystau.gov.kz поштасына жолдау арқылы және 8 (7292) 314261, 8 701 100 97 28 телефон нөмірлеріне хабарласу арқылы жазыла аласыздар.

Бүгінгі санға:

ДЕНСАУЛЫҚ

ОНКОЛОГИЯ

3-бөлім

ТҰЛҒА

Әр Жалау

4-бөлім